

«ҮЗДІК ЖАС МАМАН» АТТЫ ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ:

- жас мамандарды іскерлікке, өз кәсібіне үлкен жауапкершілікпен қарауға баулу;
- жас мамандардың педагогикалық тәжірибиелерімен бөлісу тәсілдерін, біліктіліктерін арттырып, ғылыми қабілеттілігін жетілдіру;
- қала бойынша үздік жас мамандарды анықтап, оларды марапаттау.

2. БАЙҚАУДЫҢ ӨТУ ТӘРТІБІ:

- байқауды өткізу және ұйымдастыру ісімен ұйымдастыру алқасы айналысады. Ұйымдастырушы қатысушыларды тіркеуді, жұмыстарды сараптауды, қорытынды шығаруды, марапаттауды жүзеге асырады;
- байқаудың жеңімпаздарын анықтау үшін жоғары категориялы оқытушыларынан арнайы әділ-қазылар алқасы құрылады;
- байқауға келіп түскен жұмыстарды әділ қазылар алқасы тексеріп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды. Олардың шешімі қайта қарауға жатпайды;
- байқауға жіберілген материалдар мен жұмыстар кері қайтарылмайды;
- байқауға кез-келген жалпы білім беретін ұйымдарының еңбек өтілі 5 жылға дейінгі жас мамандары қатыса алады;
- қатысушы үміткерлердің жұмыстары 17 сәуірге дейін r.sydykova@astana-modern.edu.kz электронды почтасына қабылданады;
- байқаудың жеңімпаздары <https://astana-modern.edu.kz> сайтында жарияланады.

3. БАЙҚАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Қатысушы информатика сабағында логикалық ойындарды тиімді қолдану тәсілдерін түсіндіретін бейнематериал ұсынуы қажет қосымша 2 сәйкес. (мемлекеттік немесе орыс тілдерінде).

Бағалау критерийлері қосымша 3 сәйкес бағаланады:

- оқу мақсатының болуы;
- мазмұн сапасы;
- ресімдеу және түсірілім сапасы;
- оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты деңгейге бөлінуі;
- өзектілігі, білім берудің заманауи талаптарына сай болуы;
- шығармашылық дербестігін көрсетуі;
- материалды алдағы уақытта кеңінен пайдалану мүмкіндігі.

Бейнематериалға қойылатын техникалық талаптар:

- Форматы-mp4, HD(1280x720) төмен болмауы тиіс.
- Бейнематериалдың ұзақтығы – 5 минуттан 8 минутқа дейін.
- Үшінші тараптағы аудио және видеоконтент өндірушілерінің авторлық құқықтары сақталуы тиіс.

4. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Үздік деп танылған жұмыстар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады;

• қатысушылар электронды сертификаттарын, өтініште көрсетілген электрондық пошта арқылы алады, жеңімпаздарға марапаттау кезеңі орталықта өтеді.

• байқаудың қортындысы <https://astana-modern.edu.kz> сайтында жарияланады.

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бейнематериалын дайындауға
ұсынымдар**

1. Ұйымдастырылған бейнематериалдың жоспарын дайындаңыз. Материалдың мазмұндылығы мен ақпараттылығына, қолжетімділігіне және қысқа болуына назар аударыңыз.

2. Бейнематериалды құруда, сөзді көрнекілікпен бірге қолданыңыз. Сөзіңізді неғұрлым көркем ету үшін интернеттен лайықты суреттерді, қажет заттарды табыңыз немесе PowerPoint бағдарламасымен презентация құрастырып, алынған лайықты суреттерді баланың жас ерекшелігіне сәйкес келуін қадағалаңыз, дайындалған материалды дыбыстаңыз. Жеке қасиеттеріңізге назар аударыңыз: жалпы эрудиция, балалармен қарым-қатынас жасау стилі, сөйлеу мәдениеті мен сауаттылығы (дикция, қарқын, көркем сөйлеу), оқу материалын бірнеше рет дауыстап айтып, дайындалу қажет.

3. Камера мен микрофонды таңдаңыз. Бейнематериалдың жақсы шығуының шарты - бейне мен дыбыстың айқындығы, камераның «дірілі» мен дыбыс қаттылығының ауытқуын болдырмау, кадрда бөгде заттар мен шулы кедергілердің болмауы.

4. Бейнематериалды жазыңыз және оны өңдеңіз. Бейнематериалды бөліктермен жазуға, содан кейін оны құрастыруға болады.

5. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бейнематериалы электронды түрде r.sydykova@astana-modern.edu.kz электронды поштасына жіберіледі.

ӨТІНІШ

1	Автордың аты-жөні	
2	Туылған күні	
3	Лауазымы	
4	Жұмыс тәжірибесі	
5	Оқытатын пәні	
6	Жұмыс орны	
7	Ұялы телефон	
8	e- mail	

Өтінім беру күні: «___» _____ 2023 ЖЫЛ

